



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2019 ж. Қаңтар айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (5,2%)
- Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыста өндірістің күрт төмендеуі байқалды
- Сауда және тау-кен өнеркәсібі экономика өсуінің негізгі драйверлері болды
- Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің айтарлықтай төмендеуі ЖІӨ-нің өсуіне тежеуші әсер етті
- Тұтынушылық сұраныс оң динамикамен сипатталды

I. ИНФЛЯЦИЯ

2019 жылдың қаңтар айында айлық инфляция 0,5% құрады.

Азық-түлік тауарларының бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 1,3%-ға өсті. 2019 жылғы қаңтарда азық-түлік компоненттерін жеделдетуге көкөністер, ет, нан өнімдері және жармалар сияқты тауарлар топтары негізгі үлес қосты. Өткен аймен салыстырғанда баға көкөністерге-8,1%, етке-0,6%, нан өнімдері мен жармаларға-0,7% - ға өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,3%-ға өсті. Негізгі үлесті киім мен аяқ киім бағасының қымбаттауы қосты. Бұл өсім нарықтағы ұсыныстың артығымен байланысты көмір мен (1,7% - ға) бензин (1,2% - ға) бағаларының төмендеуімен өтелді.

2019 жылғы қаңтар айында коммуналдық тарифтерді төмендету бойынша мемлекеттің шаралары аясында **ақылы қызметтер** компоненті бойынша айлық дефляция тіркелді. Қаңтар айында ақылы қызметтердің бағасы мен тарифтері 0,2% - ға арзандады. Осы шараларды іске асыру жылу энергиясына (2,2% - ға), кәрізге (2,1% - ға), сумен жабдықтауға (2% - ға), электр энергиясына (1,4% - ға), тұрғын жайларды күтіп ұстауға байланысты қызметтерге (0,7% - ға), қоқыс жинау қызметтеріне (0,3% - ға) бағалардың айлық төмендеуіне әкелді.


Жылдық инфляция 2019 жылдың қаңтар айында 5,2% құрады. 2018 жылдың қаңтарымен салыстырғанда азық-түлік тауарлары 5,8% - ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,4% - ға, ал қызметтер 3,4% - ға қымбаттады.

Халықтың бір жылдан кейін күтіліп отырған инфляцияға қатысты жауаптарының нәтижелері бойынша **инфляциялық күтулер** 2019 жылдың қаңтарда едәуір төмендеп 4,7% құрады, бұл ағымдағы инфляцияның төмен нәтижеде сақталуымен байланысты.

Сұралғандардың 73,4 % - ы 2019 жылдың бірінші тоқсанында бағалар ағымдағы қарқынмен өседі деп санайды. Баға тез өсетін болады деп есептейтіндердің үлесін ұлғайғанын атап өткен жөн.


Ұлттық Банктің болжамдары бойынша 2019 жылы жылдық инфляция 4-6% жаңа нысаналы дәліз ішінде сақталып, бірте-бірте бәсеңдейтін болады.

1-график. Тұтыну бағалары индексі, ж/ж




ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылы бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 58,8 трлн. теңгені құрды.


2018 жылы бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (4,6%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (4,0%-ға), көтерме және бөлшек сауда (7,6%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,7%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2018 жылдың 9 айы қорытындысы бойынша **4,1%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

4-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

5-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2019 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша **қысқа мерзімді экономикалық индикатор*** 102,9% құрады.

Көрсеткіштің бәсеңдеуіне металлургия өнеркәсібі мен кокс және мұнай өңдеу өнімдері өндірісінің көлемінің қысқаруына байланысты **өңдеу өнеркәсібіндегі** өндіріс көлемінің төмендеуі, сондай-ақ өнеркәсіп объектілер мен тұрғын үй ғимараттарын салу жұмыстардың аяқталуы аясында **құрылыс көлемінің** төмендеуі теріс әсер етті.

Өткен жылдың жоғары базасы нәтижесінде елдегі инвестициялық белсенділіктің төмендеуі қосымша теріс әсер етті. Экономика өсудің басты драйверлері мұнай бағасының құлдырауына және әлемдік сауда қатынастарындағы шиеленістің күшеюіне қарамастан өсіп келе жатқан тау-кен өнеркәсібі, сондай-ақ оған ілеспе көтерме сауда болды. Оң үлес тұтынушылық сұраныстың өсуімен де қамтамасыз етілген.


6-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор



* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



7-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың максималды мәні аймақтық деңгейі бойынша (ҚЭИ) **Атырау облысы** көрсетті. Бұл өсу шикі мұнайды өндіру мен көтерме сауда көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ көліктік қызмет көрсету мен құрылыстың жақсы көрсеткіштеріне байланысты болды. 2019 жылдың басынан бастап ауыл шаруашылық өндірісінің қысқаруы және байланыс қызметтерінің көлемі аймақтың қысқа мерзімді экономикалық көрсеткішіне кері әсерін тигізді.

ҚЭИ-ң ең үлкен төмендеуі **Қарағанды облысында** орын алды, бұл өнеркәсіпте өндіріс көлемінің азаюына: шойын, алмаспайтын болат, жазық болат және оқшауланған сым өндіруі әсер етті. Сонымен қатар құрылыс және сауда салалары да ҚЭИ-ге теріс әсер етті.

Батыс Қазақстан облысында ҚЭИ-ң төмендеуі, ең алдымен, өнеркәсіпте өндіріс көлемінің, атап айтқанда, газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

Астана қаласында ҚЭИ-ң төмендеуі құрылыс пен ауыл шаруашылығының төмендеуіне байланысты.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2019 жылдың қаңтар айы бойынша **өнеркәсіп өндірісінің** көлемі 1,9%-ға артты. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі еліміздің 11 өңірінде байқалды.

Тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 6,8%-ды құрды. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне оң үлесін кен орындарында шикі мұнайды (5,3%-ға) және табиғи газды (6,1%), сондай-ақ металл кендерін (13,2%) және темір рудасын (0,9%), түсті металдарды (15,8%) өндіру оң үлесін тигізді.

2019 жылдың басынан бері **өңдеу өнеркәсібі** өндіріс көлемінің төмендеуін көрсетті, өндіріс көлемі 5,0%-ға төмендеді. Төмендеудің айтарлықтай үлесін металлургия өнеркәсібі (төмендеу 12,5%-ға), дайын металл бұйымдарын өндіру (10,1%), қағаз және қағаз өнімдері (5,6%), темекі өнімдері (33,9%). Оң үлесін азық-түлік өндірісінің артуы (өсім 1,2%), кокс және мұнай өнімдерін өндіруі (3,3%) және машина жасау (2,7%) әсерін тигізді.

Көліктің барлық түрлерінің жүк айналымының өсуі 2019 жылдың қаңтарында 4,2% құрды. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол (4,5%-ға өсім), автомобиль (3,4%) және мұнай құбырлары (4,9%) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті. 2019 жылдың қаңтарында жолаушылар айналымы теміржол мен автокөлік жолдары мен қалалық көліктердің өсуі нәтижесінде 2,9%-ға өсті.


Құрылыс саласы 1,8%-ға қысқарды. Төмендеуі былтырғы жылдың жоғары деңгейіне, сондай-ақ көппәтерлі үйлер мен өнеркәсіптік ғимараттардың, білім беру нысандарының, мұнай және газ құбырларының құрылысы көлемінің төмендеуі себепші болды. Төмендеу Астана қаласы, Ақмола, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында байқалды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2019 жылдың қаңтарында 3,5%-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне мал шаруашылығы (3,6%) оң үлесін қосты, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғаюына байланысты. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлемі 2018 жылдың деңгейінде қалды.

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі 2019 жылдың қаңтарында 7,5%-ға өсті. Нақты ақшалай табыстың өсуіне, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты бөлшек тауар айналымының өсуі 4,4%-ды құрады. Көтерме сауданың 9,6%-ға өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар, оның ішінде шикі мұнай мен металдар сату көлемінің артуымен байланысты болды.

Байланыс саласы 2019 жылдың қаңтарында 1,2%-ға өсті. Интернет қызметтері, сондай-ақ телекоммуникация қызметтері байланыс саласында ең танымал түрлері болып қала береді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР


2019 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,5% - ға төмендеді (8-кесте). ҚР ҰЭМ статистика комитетінің деректері бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда инвестициялардың төмендеуі өңдеу өнеркәсібінде 73,7% – ға (соның ішінде Кокс және мұнай өнімдері, Тамақ өнімдері, химия өнеркәсібі өнімдері өндірісі), сауда – 13,8% - ға, құрылыс-11,5% - ға (Шымкент МӨЗ және Ақсу ферроқорытпа зауытын жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыстардың аяқталуы) белгіленді.

Инвестициялар серпініне оң үлес көлік, ауыл шаруашылығы, байланыс қызметтері және өзге де салалар тарапынан қамтамасыз етілді. Барлық инвестициялардың жалпы көлемінде 70,5% өнеркәсіп алады, оның құрылымында көп бөлігін тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар алады (79%). Білім беруге, денсаулық сақтауға, ғылыми қызметке және басқаларына Инвестициялар төмен деңгейде қалып отыр.

Ел өңірлерінің бөлінісінде Атырау облысы инвестициялар бойынша абсолютті көшбасшы болып қалып отыр (инвестициялардың жалпы көлемінің 48% - ы). Ең аз инвестиция Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарына бағытталды. Негізгі капиталға инвестициялардың шамамен 40,7% шикізаттық емес секторға (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) жіберілді. Инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі 63,5% – ды, сыртқы-36,5% - ды құрады. Инвестициялардың басты көзі бұрынғысынша кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қалуда (9-кесте).


Анықтама: 2018 жылғы 4 тоқсанда Ұлттық банк жүргізген экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы қаражатының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестікті, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі мен пайданың жеткіліксіздігін атап өтті (10-кесте).

8-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша


9-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша

жауаптар %-бен

10-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша




VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары бойынша сыртқы сауда айналымы 19,7%-ға өсті, оның ішінде экспорт на 25,7%, импорт 9,9%-ға ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 38,2%-ға өсті. Экспорттың өсуі елімізде шикі мұнайды өндірудің өсуіне байланысты болды (2018 жылы 90,3 млн.тонна мұнай өндірілді). Экспорт құрылымында жануарлар мен өсімдік өнімдері (29,9 %-ға), ағаш және орман өнімдері (75,8%-ға), құрылыс материалдары (24,7%-ға) айтарлықтай өсті. Сонымен қатар барлық өзге тауарлар тобы бойынша экспорттың төмендеуі байқалды.

ЕО елдері (үлесі 55,7%), Қытай (үлесі 10,3%), ТМД елдері (үлесі 15,5%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,9%.


Ішкі тұтыну және инвестициялық сұраныстың ұлғаю нәтижесінде 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі тауар топтары бойынша импорт бойынша өсім байқалды. Импорттың өсуіне ең үлкен үлесті машина, жабдық құралдар мен құрылғылар (өсу 19,5%), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (өсу 22,4%), минералды ресурстары (өсу 10,9%) және химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 4,6%) қосты. Өзге де тауарлар тобы бойынша, былғары шикізатымен аң терісі импорты төмендеді.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 40,6%), ЕО елдеріне (үлесі 20,5%) және Қытайға (үлесі 16,5%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылдың желтоқсанында жұмыспен қамтылған халықтың саны 2%-ға өсіп 8709,7мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95%).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 5,9%-ға, денсаулық сақтауда 2,1 %-ға, білім беруде 2,8%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 0,8%-ға және көлік және қоймалауда 3,1%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

Жұмыспен қамтылған халықтың 15,9 %-ы саудада, 14,1 %-ы ауыл шаруашылығында, 12,6%-ы білім беруде, 12,7 %-ы орналасқан.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (10,2%-ға өсті), Алматы (2,5%-ға) және Астана (2,0%-ға) қалаларында байқалды.

2019 жылдың қаңтарында жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында ресми тіркелген жұмыссыздар саны 111,0 мың адамды құрады (жұмыс күшінен 1,2%).




ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

16-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2018 жылдың төртінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өткен тоқсандарға қарағанда төмендеуін жалғастырды. 2018 жылғы төртінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,2%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 20,6%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы төртінші тоқсанында үлесі 71,7% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың қаңтар айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 11%-ға ұлғайып, 166,1 мың теңгені құрады.

Нақты жалақы 2018 жылы 2,3%-ға, ал төртінші тоқсанда 2,1 %-ға өсті.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2018 жылда алдын ала деректер бойынша 4,3% -ға, ал төртінші тоқсанда 1,5 % -ға өсті.

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 4-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (16,4%-ға), қаржы және сақтандыру ісінде (9,6%-ға), ауыл шаруашылығында (8,2%-ға), тау-кен өндірісінде (2,4%-ға), өңдеу өндірісінде (6%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (1,6%-ға) және құрылыста (0,9%-ға) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 4-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атуырау облысында (320,5 мың теңге), ең төменгі мәні – Түркістан облысында (109,7 мың теңге) тіркелді.

2018 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша экономикадағы еңбек өнімділігі 2,9%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (9,9%-ға), ауыл шаруашылығында (7,9%-ға), өнеркәсіпте (3,5%-ға өсті), көлікте (2%-ға) және қаржы және сақтандыру саласында (3,3%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан асқанының атап өткен жөн (құрылыс және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша